



Экспедиция по изучению истории Приуралья

В рамках программы «Рухани жаңғыру» Западно-Казахстанским аграрно-техническим университетом имени Жангир хана была организована экспедиция с говорящим названием «Индер - перспективный геопарк Приуралья».




В состав экспедиции, главной целью которой является изучение истории родного края, вошли руководитель экспедиции, Кажымурат Ахмеденов, кандидат исторических наук Ескайрат Хайдаров, а также палеонтолог, председатель Ульяновского отдела общества палеонтологии Российской академии наук Владимир Ефимов, герпетолог института экологии Волжского бассейна Российской академии наук Андрей Бакнев, зоолог, заместитель директора самарского зоопарка Александр Кузовенко.

Первой остановкой экспедиции стал Таскалинский район, на территории которого расположена знаменитая на всю округу возвышенность, именуемая Ичка или Ешкитау, высота которой составляет 259 метров. На Ичке произрастает 41 вид растений, среди которых есть редкие и даже исчезающие виды. С 2002 года гора Ичка вошла в список государственных природных памятников и охраняется государством. В ходе знакомства с районом члены экспедиции посетили несколько населенных пунктов,

старых захоронений и исторических мест. Изучая надписи на надгробных плитах, ученые сделали заключение, что они были установлены в XVIII-XIX веках. После двухдневного пребывания в Таскалинском районе экспедиция двинулась в Индерский район Атырауской области. Свою работу члены экспедиции продолжили на соленом озере Индербор, площадь которого составляет 110 квадратных километров, а глубина всего 0,7 метра. На озере есть место Тузбулак, грязь которого местные жители считают целебной. Далее работа продолжилась в Бокейординском районе ЗКО, где также были изучены свойства соленого озера Аралсор, используемого местными

жителями в лечебных целях. По словам палеонтолога Владимира Ефимова, такие мероприятия являются образцом в воспитании и развитии патриотизма. «Экспедиция показала, что в Приуралье очень много исторических мест, которые еще нужно изучить. Вдоль соленого озера Индербор мы обнаружили территории, подвергшиеся триастовым изменениям. Еще в 1980 году мой учитель Виталий Войных обнаружил в этих краях кости лабиринтодонта. Самое интересное, и нам в ходе этой поездки удалось найти скелет лабиринтодонта», - сказал Владимир Ефимов.

Источник Tengrinews.kz



Хан бөгеті – аспан астындағы ашық музей

Қазақстан-Ресей қатынасы ғасырлар бойы Еуразия кеңістігінде өмір сүріп, тарих тоғыстырған қазақ және орыс халықтарының ежелгі қатынастарынан бастау алады. Екі халықты ортақ тарих, жеті мың шақырымға созылған әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекара мен көршілес орналасқан кең аумақ біріктіреді. Дәстүрлі мәдениетті, тарихи және мәдени мұраны сақтау – заманауи мәдени саясаттың маңызды аспектілері дейтін болсақ, Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтумен қатар, шекаралас халықтардың тарихи достығы мен ортақ мұрасына ұқыптылықпен қарау қажеттілігі туындайды.

2018 жылдың жаз айларында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті қызметкерлері, музей директоры Н.Ж.Төлеповтың жетекшілігімен Ресей Федерациясының Волгоград облысы Палласовка ауданының өлкетанушылары, сондай-ақ Волгоград мемлекеттік аграрлық университетінің тарихшы ғалымдарынан тұратын құрамда Хан бөгеті мен оған жататын аумақты зерттеу үшін қазақстандық-ресейлік бірлескен ғылыми экспедиция жүргізілді. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Хан бөгеті» экспедициясы Волгоград облысының Палласовка ауданына қарасты, кезінде Жәңгір ханның Жазғы Ордасы орналасқан аймақтағы Кумысолечебница, Савинка елді мекендерін, Хан бөгетін басты нысанға алынып зерттеді. Хан бөгетін аспан астындағы ашық музей экспонаты ретінде тарихи-мәдени мұра қатарына енгізуді мақсат тұтқан экспедиция қатысушылары барлық маршрут бойында тарихи және мәдени ескерткіштердің фото-бейне түсірілімдерін жасап, Хан бөгетінің салыну тарихына қатысты ауызекі әңгімелер жинақтады.

Экспедиция маршруты бойынша зерттеушілер ең алдымен Волгоград қаласына аяқ басты. Өлкедегі ірі оқу орындарының бірі – Волгоград мемлекеттік аграрлық университетінің оқытушылар қауымымен



кездескен дөңгелек үстел барысында экспедиция мақсаты мен міндеттері туралы айтылды. Университет тарихшылары да өлкедегі тарихи-мәдени мұра нысандарының, соның ішінде Хан бөгетінің маңызын айта келіп, орналасқан аймағынан біраз хабар берді.

Бұдан кейін экспедиция Хан бөгеті орналасқан Палласовка ауданына бағыт алды. Ол жерде Жәңгір ханның Жазғы Ордасының айналасында пайда болған ауылды байырғы тұрғындары әлі күнге дейін «Кумыска» деп атайтын Кумысолечебница елді мекеніне табан тіреп, зерттеу жұмысын жалғастырды. Бұл жер Қазан төңкерісіне дейін Жәңгір ханның үлкен немересі мен мұрагері Шәңгерейдің тұрақ-жайы болған. Дәл осы мекенде XX ғасырдың басында туберкулезбен ауыратындар үшін қымзыбен емдеу орны ұйымдастырылған. Емдеу-сауықтыру орны сол қызметін әлі күнге дейін атқарып келеді.

Жәңгір хан салдырған жеті ғимараттың үшеуі сақталып, оның екеуі бұл күнге өте керемет күйде жеткен. Мүдделі тараптардың қолдауымен аталмыш объектілер тарихи-мәдени мұра қатарына

енгізілсе, тамаша мұражай ретінде жаңа туристік маршруттар нысандарына айналары сөзсіз.

1842 жылдың күзінде Торган өзені бойында құрылысы аяқталған Жәңгір ханның ел үшін жасаған игі істерінің көрінісі – Хан бөгетінің экспедиция барысында нақты орны анықталды. Ол Волгоград облысының Палласовка ауданының Борсы ауылы аумағында орналасқан. Бұл ауыл 1978 жылы Савинка ауылымен біріктірілген екен. Хан бөгетіне іргелес Томанное, Лиманное селолары, ал қарсы бетінде Заливное селосы орналасқан. XX ғасырда Хан бөгетіне жөндеу жүргізілген. Зерттеу бойынша ұзындығы 162 метр, ені 21 метрді құрады. Тарихи құжаттарға сенсек, бөгет құрылысы біткеннен соң бұл жерде ұзындығы 25 верс, ал ені 40 сажындай көл пайда болған. Қазіргі таңда ол көл Хан су қоймасы деп аталады. Ұзындығы 27 метр.

Савинка орта мектебінің география пәнінің мұғалімі, музей меңгерушісі Елена Утропованың айтуы бойынша Торган өзені бойындағы бөгет шабындық жерді су басуы үшін салынған. Хан бөгетінің салынуы бір жылдың ғана жемісі емес және оған жергілікті тұрғындар да атса-

лысып, тиісінше еңбектерімен алып отырған. Алайда Хан бөгетінің құрылысы аяқталған соң Савинка ауылының тұрғындары Жәңгір хан салдырған бөгеттің кесірінен үйлерін су басқанын айтып, билік басындағыларға арызданады. Фадеев құрған комиссияның тексеруінен соң бөгетті айтпағанда, бұл аймақты сол жылы, болмаса келесі жылы су басатындығы туралы шешім шығарылып, ауыл тұрғындарына басқа жерге көшу қажеттігі айтылады. Кейін ауыл тұрғындары Борсы ауылы маңына жақын жерге қоныс аударған.

Елена Утропова оқушыларымен бірге өлке тарихын зерттеуге аса ден қойғандығын айта келіп: «Біз балалармен зерттеушілік бағытындағы жұмыстарды көптеп жүргіземіз. Өз өлкесінің тарихын танып-білуге үйірме мүшелерінің қызығушылығы жоғары. Ауылымыздың маңындағы қорым тарихы, құлпытастар тарихы – өлке тарихының бір бөлігі. Балалар бұл жерде бір кездері өз бабаларының өмір сүргендігін біліп, зерттеу жүргізуге бар ынталарын салуда. Зерттеу жұмыстарына кейде балалардың ата-аналары да үлес қосып, осы бағытта ұйымдастырылатын түрлі байқауларда балаларына қолдау көрсетіп жүретіні – біз үшін қуантарлық жағдай. Біз қазақ халқы мен орыс халқының достық қарым-қатынастарының тамыры тереңде жатқандығын үнемі балаларға түсіндіре отырып, қашанда халықтар достығын қолдаймыз», - деп сөзін аяқтады.

Савинка орта мектебінің оқушысы, көптеген байқаулардың жүлдегері Айша Кажигалиева Волгоград қаласында өткен облыстық конференцияға «Құлпытасы как часть культуры казахского народа» тақырыбындағы зерттеу жұмысымен қатысып, қорғаған жобасы облыс ғалымдары тарапынан ерекше қызығушылық тудырғанын айтады.

Қорыта келе айтарымыз, экспедиция өз мақсатын орындады. Экспедиция жұмысының нәтижесі – мақалалар жарияланымдары, зерттеу нысандарынан түсірілген фотосуреттердің негізіндегі фотоальбом және экспедиция күнделігі.